

4



ЖЭО-ларда
кешенді жөндеу
жүргізіледі



13



Әнші мен
актердің
айырмашылығы
неде?



DIDAR

ШЫҒЫС ҚАЗАҚСТАН ОБЛЫСТЫҚ ГАЗЕТІ



1931 жылдың 24 қазанынан шығады

№20 (18478)

30 мамыр 2024 жыл

WWW.DIDAR-GAZETI.KZ

24



ҒАЛАМНЫҢ ТАҒДЫРЫ – АДАМНЫҢ ҚОЛЫНДА



12



Ұрпағымызды
YouTube
тәрбиелей
ме?



14



Архивтен
табылған
ақиқат



Жер пайдаланушылардың назарына!

«Электр желілерін басқару жөніндегі Қазақстан компаниясы» (KAZAKHSTAN ELECTRICITY GRID OPERATING COMPANY) «KEGOC» акционерлік қоғамының «Шығыс жүйеаралық электр тораптары» филиалы хабарлайды. ШҚО аумағынан мемлекеттік маңызы бар электр желілерінің магистралі өтіп жатыр, оған зақым келтіру мемлекетке шығын келтіруі мүмкін.

Күзетілетін аймақтағы барлық жұмыстар, соның ішінде ауылшаруашылық жұмыстары төменде келтірілген электр желілерін күзету ережесінде көрсетілген талаптарға сай жүргізілуі керек. Әуе электр желілеріне зақым келтірген, вандализмге, жерді ластауға жол берген кінәлі тұлғалар Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес қылмыстық жауапкершілікке тартылады.

Электр желілері нысандарының күзет аймақтарын және осындай аймақтардың шекараларында орналасқан жер учаскелерін пайдаланудың ерекше шарттарын белгілеу қағидаларынан үзінді (Қазақстан Республикасы Энергетика министрінің 2017 жылғы 28 қыркүйектегі №330 бұйрығымен бекітілген).

8. Тұрғындардың қауіпсіздігін қамтамасыз ету, электр желілерінің пайдаланылуы үшін қалыпты жағдай жасау және жазатайым жағдайларды болдырмау үшін жер учаскелері бөлінеді, күзет аймақтары белгіленеді.

10. Электр желілерінің күзет аймақтары жер учаскесі түрінде және шеткі сымдардың кескіндерінің екі жағынан жер бетінде тұрған (олардың ауытқымаған қалыбында) тік түзу қоршаулармен шектелген әуе кеңістігі түрінде электр желісінің бойымен (ғимаратқа кіретін тармақтарды қосқанда) белгіленеді.

11. Электр желілерінің күзет аймақтары төмендегідей белгіленеді:

1) кернеуі 1 киловольтқа (бұдан әрі – кВ) дейінгі жалаң сымды әуе желілер үшін – 2 метрден (бұдан әрі – м);

2) кернеуі 1 кВ-қа дейінгі өздігінен оқшауланған сымдар үшін – 1 м;

3) 1-ден 20 кВ-ға дейінгі әуе желілері үшін 10 м кем емес;

4) 35 кВ әуе желілері үшін 15 м кем емес;

5) 110 кВ әуе желілері үшін 20 м кем емес;

6) 220 кВ әуе желілері үшін 25 м кем емес;

7) 330-дан 500 кВ-ға дейінгі әуе желілері үшін 30 м кем емес;

8) 1150 кВ әуе желілері үшін 55 м кем емес.

12. Ауытқымаған жағдайларында шеткі сымдардан екі жағында тұрған жазықтықтармен шектелген су айдындарының су бетіндегі әуе кеңістігі түріндегі су қоймалары (өзендер, арналар, көлдер және басқалары) арқылы өтетін электр әуе желілерінің бойымен күзет аймақтары кеме жүзетін су қоймасы үшін – 100 м арақашықтықта, кеме жүзбейтін су қоймасы үшін – жер бетімен өтетін электр әуе желілерінің бойымен күзет аймақтарын белгілеу үшін көзделген арақашықтықта болады.

16. Электр берудің әуе желілерінің күзет аймақтарындағы пішенді жырту, жинау, шығару, жайылма суару сияқты алаңдық ауыл шаруашылығы жұмыстары иелігінде осы желілер орналасқан ұйымды алдын ала осы жұмыстардың басталуына дейін күнтізбелік 3 (үш) күннен кешіктірмей жазбаша хабарлау арқылы жер пайдаланушылар жүргізеді.

20. Қарамағында электр желілері бар ұйымның келісімінсіз электр және жылу желілері жолдарының күзет аймақтарында құрылыс, монтаждау, жер қазу, тиеу-түсіру жұмыстарын, ұңғымалар мен шурфтардың орнатылуына байланысты іздеу жұмыстарын жүргізуге, алаңдарды, автомобиль көлігі тұрақтарын жайластыруға, базарларды, құрылыстарды, ғимараттарды орналастыруға, материалдарды жинап қоюға, қоршаулар мен дуалдарды соғуға, күйдіргіш коррозиялы заттар мен жанар-жағармай материалдарын шығарып тастауға және төгуге жол берілмейді.

21. Электр желілерінің күзет аймақтарында көрсетілген жұмыстарды жүргізуге жазбаша келісім алған жеке және заңды тұлғалар өздерінің жеке қаражаты есебінен желілердің сақталуын қамтамасыз ететін жағдайларды сақтай отырып, оларды орындайды.

29. Электр беру желілерінде аварияларды болдырмау немесе олардың салдарын жою бойынша жұмыстарды жылдың кез келген уақытында жер пайдаланушылар мен жер иеленушілердің келісімінсіз, бірақ оларды жүргізілетін жұмыстар туралы хабардар ету арқылы жүргізіледі.

33. Қарауында электр желілері бар ұйымдардың жұмыскерлеріне жұмыс жүргізуге наряд-рұқсатта жөндеу және техникалық қызмет көрсету бойынша жұмыстарды орындау үшін басқа ұйымдардың аумақтарында орналасқан электр желілерінің объектілеріне кедергісіз кіру қамтамасыз етіледі.

36. Жеке және заңды тұлғалар электр желілерінің күзет аймақтарындағы қарауында электр желілері орналасқан ұйымдардың электр желілерінің сақталуын және жазатайым жағдайлардың алдын алуды қамтамасыз етуге бағытталған талаптарын орындайды. Қарауында электр желілері бар ұйымдар электр желілерінің күзет аймағында жеке және заңды тұлғалар жұмыс жүргізу уақытында адам өміріне қауіп төнген кезде бұл қауіпті жойғанға дейін жұмысты тоқтата тұрады.

38. Электр желілерін жеке және заңды тұлғалардың кінәсі бойынша зақымдаған кезде оны өтеу қарауында осы желілер бар ұйыммен жасалған авариялық-қалпына келтіру жұмыстарын орындау шығындарының келісілген сметасы бойынша толық көлемде олардың есебінен жүргізіледі.

Қарамағында электр желілері бар ұйымдар электр желілерін пайдалану және жөндеу үшін осы күзет аймақтарындағы желілерде жерді қазу және басқа да қажетті жұмыстарды жүргізеді.

Электр желілеріндегі апаттың алдын алу және оның салдарын жою жөніндегі жұмыстар жылдың кез келген уақытында жүргізілетін жұмыстар туралы оларға хабарланып, **жерді пайдаланушылар мен жер иелерінің келісімінсіз жүргізілуі мүмкін.**

Қарауында электр желілері бар ұйымдардың жұмыскерлеріне жұмыс жүргізуге наряд-рұқсатта жөндеу және техникалық қызмет көрсету бойынша жұмыстарды орындау үшін басқа ұйымдардың аумақтарында орналасқан электр желілерінің объектілеріне **кедергісіз кіру** қамтамасыз етіледі.

Құрметті жер пайдаланушылар!

Күзет аймақтарындағы ЭБЖ-де ауыл шаруашылығы жұмыстарын жүргізу барысында Электр желілерін күзету қағидалары мен Техника қауіпсіздігі қағидаларын сақтауды сұраймыз.

**«KEGOC» АҚ «Шығыс ЖЭТ» филиалының әкімшілігі
Тел: 8(7232) 406-475.**

Мұрагерлік ашылды

2023 жылғы 19 маусымда қайтыс болған азамат **Хумахай Калектың** артынан мұрагерлік ашылды. Мұрагерлер мен мүдделі тұлғалар 2024 жығы 19 маусымға дейін, нотариус Ж.Б. Нұрмұхамбетоваға мына мекенжай бойынша жүгіне алады: Шығыс Қазақстан облысы, Ұлан ауданы, Қасым Қайсенов кенті, 3. Ахметов көшесі, №3 ғимарат.

ХАБАРЛАНДЫРУ

«Тарбағатай ауданының экономика және қаржы бөлімі» мемлекеттік мекемесі Шығыс Қазақстан облысы, Тарбағатай ауданы, Тұғыл ауылындағы Желтоқсан мен Қарасуат көшелерінің қиылысында орналасқан екі қабатты үйдің меншік иелерін іздейді. Себебі тозығы шыққан үй ауылымыздың инфраструктурасына, көшенің санитарлық келбетіне зиянын келтіруде. Үй иелерін төмендегі мекенжайға хабарласуды сұраймыз: пошта индексі 071515, ШҚО, Тарбағатай ауданы, Тұғыл ауылы, Желтоқсан көшесі, №32 үй. Тел: 8(72344)22601,22123.

Тарбағатай ауданының экономика және қаржы бөлімі басшысының міндетін атқарушы Тлеубеков Асқат Тлеубекулы



Қоғамдық тыңдау

2024 жылдың 10 шілдесі күні сағат 11.00-де ШҚО, Алтай ауданы, Парыгин а.о., Малеев кенішінің әкімшілік ғимаратында (Бобровка ауылынан 2 шақырым жерде) «Малеев кенішінде тау-кен жұмыстарын жүргізу салдарын жою жөніндегі жоспарланған қызметтің ықтимал әсерлері туралы есеп» бойынша ашық жиналыс түріндегі қоғамдық тыңдау өткізіледі.

Жобаланатын жұмыстар учаскелері бұрыштық нүктелерінің координаттары:
«Малеевская» шх № 1 өндірістік алаңы – 49°52'38.8»N 84°15'40.9» E;
«Вентиляционная» және «Воздуховыдающая» шх №2 өндірістік алаңы – 49°53'17.1»N 84°17'32.7» E;

«Малеевская» шольнясының №3 өнеркәсіптік алаңы – 49°53'41.0»N 84°18'49.2»E;
II көтергіш сорғы станциясының №4 өндірістік алаңы – 49°52'28.6»N 84°19'52.2»E;
Хамир су қабылдағышының №5 өндірістік алаңы – 49°52'17.1»N 84°21'37.7»E.
Қатысушыларды тіркеу жеке куәлігін көрсеткеннен кейін жүргізіледі.

Карантин шаралары жағдайында белгіленген қоғамдық тыңдаулар онлайн режимінде Zoom платформасы арқылы бейнеконференция түрінде өтеді.
<https://us06web.zoom.us/j/87467392043?pwd=J6hVl2AWECCK1SctAjwA3a94hY5St.1>

Конференция сәйкестендіргіші: 874 6739 2043.

Құпиясөз: 677135.

Бобровка ауылының тұрғындарын межелі жерге жеткізу үшін ауылға кіреберісте автобус болады.

Конференцияға қосылу мәселелері бойынша тапсырыс берушінің 8 (72335) 9-60-95 телефон нөмірі арқылы хабарласуға болады.

Тапсырыс беруші, деректемелері мен байланыс деректері: «Казцинк» ЖШС, заңды мекенжайы: ШҚО, Өскемен қ., Промышленная к-сі, 1 ғимарат, индекс 070002, БСН 970140000211, байланыстағы адам: Терентьева Е.А., e-mail: Yevgeniya.Terentyeva@kazzinc.com 8 (72335) 9-60-95.

Жоба жасаушы, деректемелері мен байланыс деректері: «СП-Вектор» ЖШС, БСН 140140022993, Өскемен қ., Серікбаев к-сі, 1, корпус 1, тел: 8 (7232) 70 17 50, email: mail@svector.com.

ЖАО – «ШҚО табиғи ресурстар және табиғат пайдалануды реттеу басқармасы» ММ, тел: 8 (7232) 25-70-82.

Болауы мүмкін әсерлер туралы есеп бойынша құжаттама <https://ecportal.kz/БЭП-да> және ЖАО-ның <https://www.gov.kz/memleket/entities/vko-tabigat?lang=kk> сайтындағы «Қоғамдық тыңдаулар» бөлімінде орналастырылған.

Ақпарат алуға және құжаттар көшірмелерімен танысуға болатын электронды мекенжай мен телефон нөмірі: Терентьева Е.А., e-mail: Yevgeniya.Terentyeva@kazzinc.com 8 (72336) 2-70-08.

Мүдделі қоғамның ескертулері мен ұсыныстары мына мекенжайда қабылданады: Өскемен қ., К.Либкнехт к-сі, 19, «ШҚО табиғи ресурстар және табиғат пайдалануды реттеу басқармасы» ММ, тел.: 8 (7232)25-70-82, электронды мекенжайы: a.eldarbekova@akimvko.gov.kz.

Қоғамдық тыңдаулар

2024 жылдың 4 шілдесі күні сағат 15.00-де Шығыс Қазақстан облысы, Ұлан ауданы, Бозанбай а.о., Бозанбай ауылы, Самат Мұқанов көшесі, 24 мекенжайындағы әкімдік ғимаратында Қызылсу учаскесін барлау жоспарына әсер етуге экологиялық рұқсат алу үшін құжаттар материалдары бойынша ашық жиналыс түрінде қоғамдық тыңдаулар өтеді. Бозанбай ауылдық округіне қарасты Қызылсу ауылы халқы аз елді мекенге жатады. Қызылсу ауылының тұрғындарына қоғамдық тыңдауларға қатысу үшін көлік беріледі.

Әсер ету аумағы: Шығыс Қазақстан облысы, Ұлан ауданы, Бозанбай а.о., Қызылсу ауылы, координаттары: 49°26'58,71» се 82°08'11,31» шб.

Жоспарланған қызмет учаскесінің координаттары: 1) 49°27'00» се 82°12'00» шб 2) 49°30'00» се 82°12'00» шб 3) 49°30'00» се 82°14'00» шб 4) 49°29'00» се 82°14'00» шб 5) 49°29'00» се 82°19'00» шб 6) 49°28'00» се 82°19'00» шб 7) 49°28'00» се 82°18'00» шб 8) 49°27'00» се 82°18'00» шб.

Жобалық құжаттама пакетімен <https://ecportal.kz> бірыңғай экологиялық порталында, сондай-ақ ЖАО – «ШҚО Табиғи ресурстар және табиғат пайдалануды реттеу басқармасы» ММ-ның [e-priroda.gov.kz](https://www.gov.kz/memleket/entities/vko-tabigat?lang=ru) сайтында, «Қоғамдық тыңдау» бөлімінде танысуға болады: <https://www.gov.kz/memleket/entities/vko-tabigat?lang=ru>.

Барлық ескертулер және/немесе ұсыныстар қоғамдық тыңдаулар өткізілетін күнге дейін 3 жұмыс күнінен кешіктірмей бірыңғай экологиялық порталда, сондай-ақ Өскемен қаласы, К.Либкнехт көшесі, 19 мекенжайы бойынша «ШҚО Табиғи ресурстар және табиғат пайдалануды реттеу басқармасы» ММ-де қабылданады, тел.: 8 (7232) 25-70-82. Электронды мекенжайы: a.eldarbekova@akimvko.gov.kz.

Интернетке қосылу сілтемесі: <https://us04web.zoom.us/j/73238481980?pwd=SDav1xaZ8Da7arIFHKsEZwCGYfi4qs.1>.

Конференция идентификаторы: 732 3848 1980. Кіру коды: 7vge26.

Zoom-ға қосылу мәселелері бойынша конференция идентификаторы мен кіру кодын алу үшін 8 (777) 414-90-10 телефоны бойынша хабарласуға болады. Сондай-ақ қосылуға сілтеме бірыңғай экологиялық порталда қолжетімді болады.

Тапсырыс беруші: «SUNQAR Mining», Қазақстан Республикасы, Астана қ., Алматы ауданы, Қалибек Қуанышбаев көшесі, 11 б үй, 32 пәтер. БСН: 230940037870, e-mail: aslan.purpeisso@yandex.ru, тел: +7 (777) 414-90-10.

Ықтимал әсерлер туралы есепті әзірлеуші: «Legal Ecology Concept» ЖШС, Өскемен қ., 070002, Трудовая к-сі, 9, БСН: 211040029201, Тел.: +7 (777) 414-90-10, e-mail: mustafaeva-si@mail.ru.

Қосымша ақпаратты электронды пошта арқылы алуға болады: mustafaeva-si@mail.ru және тел: +7 (777) 414-90-10.